

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары көлік және коммуникация
колледжі» МКК**
**ГКП на ПХВ «Высший колледж транспорта и коммуникаций» акимата г. Нур-
Султан**

Сабақ жоспары
План занятия

Сабақ тақырыбы _____

Тема занятия «Қазақстан аумағындағы ертедегі мемлекеттердің саяси ұйымы.

Модуль /пән атауы / _____

Наименование модуля /дисциплина «История Казахстана»

Дайындаған педагог/ Подготовил педагог Естемесов Т.Н.

"_02_"__11____ 2021_ года

1. Жалпы мәліметтер. Курс, топ / Общие сведения. Курс, группа 1 ОДД 121
2. Сабақ типі /Тип занятия Комбинированное занятие
3. Мақсаты/ Классифицировать социальные группы казахского ханства и анализировать их функции в обществе
4. Міндеттері /Задачи:

Обучающая: Анализировать источник о строении казахского общества (навыки чтения), использование терминов ақсүйек, қарасүйек, хан, сұлтан, би, батыр;

1. **Развивающая:** создавать условия для развития самостоятельности мышления, способности высказывания собственной точки зрения, умения работать с текстом, выделять ключевые слова, систематизировать необходимую информацию, анализировать, сравнивать и обобщать информацию, развивать монологическую речь.
2. **Воспитательная:** создавать условия для формирования коммуникативной компетенции через работу в парах и учебной группы, способствовать принятию ответственности за решение, воспитывать осознанное отношение к учебной и трудовой деятельности.

2.1 Оқу сабақтары барысында білім алушылар кәсіби біліктердің тізбесі игереді/ Перечень профессиональных умений, которыми овладеют обучающиеся в процессе учебного занятия

умение и навыки работы в группе, умение слушать, брать на себя ответственность, самостоятельность при принятии решений, умение мыслить, умение общаться, отстаивать свою точку зрения, уважение и принятие собеседника и др.

3. Сабақты жабдықтау/ Оснащение занятия

3.1 Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер/ Учебно-методическое оснащение, справочная литература Учебник за 10 класс

3.А.Джандосова

3.2 Техникалық құралдар, материалдар/ Техническое оснащение, материалы электронная презентация в MS PowerPoint, проектор. раздаточный материал

4. Сабақтың барысы /Ход занятия (опрос, изложение нового материала, самостоятельная работа, закрепление)

Тигрохауд сақтардың патшасы

Қазақ мемлекеттігінің түп-тамырын зерттеуді сақ, үйсін, қаңлы және ғұн тайпаларының әлеуметтік құрылымынан бастаған жөн. Ғылымда бұл көшпелі тайпалардың әлеуметтік құрылымы аз зерттелген.

Сақтар мен үйсіндер өмір сүрген (б.з.д. VII ғ. — б. з. V ғ.) көшпелі қоғамда малға жеке меншіктің шығуына байланысты қоғам байлар мен кедейлерге бөлінді. Сөйтіп, мемлекеттік құрылымның пайда болуы жүзеге асты. Сақтардың мемлекеттік құрылымынан олардың көршілері Ахеменидтік Иран мен Грек-Бактриялық мемлекеттердің әсерін байқауға болады. Ал үйсіндерден Хань (Қытай) патшалығының әсері сезіледі.

Сақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарды қалпына келтіруде жазба деректері мардымсыз, сондықтан археологиялық деректерге көбірек жүгінетін боламыз.

Жетісудағы сақ дәуірінің обалары біршама жақсы зерттелген. Биіктігі 18—20 метрге дейін жететін патша обалары ағаштан салынған. Мұндай сақ пирамидаларының ішіндегі зәулімі — Үлкен Бесиштыр қорымы (Іле өзені маңы).

Орасан зор Бесшатыр патшалық обасының салынуы қоғамда әлеуметтік жіктелудің болғандығын көрсетеді. Жекелеген адамдардың әлеуметтік артықшылығын білдіреді. Ал әлеуметтік теңсіздіктің болуы мемлекеттіліктің алғашқы баспалдақтарының біріне жатады.

Алғашқы кездегі сақ қоғамын әскери-демократиялық жүйе деп түсіну керек. Ал әскери-демократиялық қоғамда ел басқару тізгіні тайпа көсемдерімен қатар қолбасшылардың, батырлардың қолында болады. Әскери-демократия заманында байлық тек шаруашылықты ұйымдастыру жолымен ғана жасалмайды. Байлық — ендігі жерде — соғыс, басқа жұрттардың мал-мүлкін тартып алу арқылы жасалады. Түскен олжа жауынгерлер арасында тең бөлінбейтін. Тайпа көсемдері, қолбасшылар, батырларға үлес бастапқыда көбірек, кейіннен тіпті толығымен тиетін болған. Бұл бара-бара мүлік теңсіздігіне әкеліп соқты, бара-бара қоғамда бай, кедей топтар қалыптаса бастады. Бұл әлеуметтік теңсіздікке, таптық жіктеліске алып келді. Соңында таптық қоғамдағы меншікті қорғайтын, әлеуметтік қайшылықтарды шешетін, өндіріс пен соғысты, қорғанысты ұйымдастыратын аппарат — мемлекет пайда болды.

Антикалық авторлардың деректері бойынша, сақтарда патшалар мен патшайымдар болған. Олардың қол астындағы жұртына әмірі күшті болды. Сақ патшалары соғыс пен бейбітшілік мәселесін шешті, басқа елдерге елші тағайындады, сырт елдермен одақ құру мәселесіне басшылық жасады, әскерді басқарды. Патшаны бір рудан ғана сайлады. Егер патша өлсе, оның орнына інісі патша болып сайланды. Үлкен мемлекеттік істерді шешуде патша кейде ел құрылтайын шақырды. Бұл сақтар мемлекеттік жүйесінде демократиялық қағиданың болғандығын көрсетеді.

Антикалық автор Аррианның дерегіне сүйенсек, сақ патшасы елді езінің сатраптары (қызметшілері) арқылы басқарды. Олар патшаның белгілі бір аймақтағы немесе тайпадағы өкілі болып есептелді. Сақтардың басқару жүйесіндегі келесі бір буын — әскери-тайпалық ақсүйектер болатын.

Сақтардың әлеуметтік құрылымы жөнінде тікелей жазба деректер жоқ. Сақтармен мәдени-генетикалық туыстас, қоғамдық дамуы деңгейлес скиф тайпалары жөніндегі жазба деректерді сақтар тарихына қатысты ғалымдар жиі пайдаланады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, сақтардың әлеуметтік құрылымында қоғамдық-әлеуметтік сатының ең басында патшалық ру тұрған. Патша тек сол рудан ғана сайланған. Бұл дәстүр жерімізде сақтардан кейін өмір сүрген ғұндарда, одан түріктерде, тіпті бергі Қазақ хандығында да жалғасын тапқан.

Алтайдағы, Шілікті жазығындағы, Жетісудың Бесшатыр, Есік алқабындағы сақтардың "патша қорғандары" осы патша әулеті мен ел басқарған ірі ақсүйектердің молалары.

Скифтер мен сақтарда ел басқарудың ұлыстық қағидасіл болғанға ұқсайды. Олардың патшалығы үш бөлікке бөлініп басқарылған.

Ел басқару жүйесінде, қоғамның келесі әлеуметтік биік тұғырында тайпа, ру көсемдері, ақсүйектер тұрды. Антикалық жазбалар деректеріне сүйенер болсақ, скифтердің осындай ақсүйектерінің сыртқы ерекшелігі — олардың ерекше қалпақ киюі.

Сақтар мемлекетінде жауынгерлердің, әсіресе қолбасшылар мен батырлардың орны жоғары. Патша маңайындағы нөкер әскердің де қоғамдық байлықтан алатын үлесі мол болған.

Мемлекеттің келесі бір әлеуметтік тобын дінбасылар, сәуегейлер, бақсылар, ем-домшылар құрады. Бұлар да сақ қоғамының сыйлы адамдарына жатты. Жалпы, ғылым-білім әлі дұрыс дамымаған ерте кездегі, тіпті орта ғасырлардағы мемлекеттерде елді өзінің тылсым өнерімен соңынан ертетін, діни сеніммен ұйытатын адамдар сол заманның идеологтарының рөлін атқарған. Сондықтан діни адамдар мен олардың арасынан шыққан үлкен басшылармен, көрнекі тұлғалармен кейінгі замандардағы мемлекеттер де санасып отырған.

Сақ мемлекетіндегі келесі әлеуметтік топ — қауымның еркін мүшелері. Мемлекеттің көпшілік халқын да осы әлеуметтік топ құрады. Олардың әрқайсысының өз меншік малы, жеке үй-жайы, шаруашылығы болды. Бұлардың еркек кіндіктері тыныштық кезде өз шаруашылығымен айналысты да, ал жаулап алушылық немесе ел қорғау соғысы кезінде әскер сапынан табылды. Сақтардың кішілеу, орташа қорғандары осындай еркін қауым мүшелерінікі. Олардың барлығына жуығынан жебенің ұшы, қанжар, найзаның ұшы сияқты қарулар табылуы жоғарыда айтқан ойымызды дәлелдейді. Сақтардың ерлерімен қатар әйелдерін де кейде қарумен жерлеген. Мұның өзі сақ әйелдерінің де жауынгер болғандығын көрсетеді.

Сақ-скиф қоғамында өз малы, мінетін аты, қосын тігетін арбасы жоқ өте кедей-кепшіктер де болды. Олар қоғамның басқалардан тәуелді бөлігін құрады.

Сақ мемлекетіндегі әлеуметтік сатының ең төменінде құлдар болды. Әдетте, құлдар басқа елді жаулаған кезде қолға түскен тұтқындар құлға айналдырылатын. Жалпы, көшпелі елді мекендегі құлдық мәселесі — көп талас тудырған мәселе. Бүгінгі ғылыми тұжырымдар бойынша, көшпелі елдерде құлдық отырықшы елдердегідей аса дамымаған. Көшпелілерде құлдықтың тек алғашқы түрі — үй-ішілік түрі ғана болатын. Яғни, құлдар қоғамдық өндірісте елеулі рөл атқармаған, тек ауқатты адамдардың есігінде жүріп, үй-ішілік жұмыстар атқарған.

Сонымен, сақ қоғамы — патшасы, нөкер-жасақтары, ел басқарушылары, елшілері, әскері, діни идеологтары, байлары, кедейлері, құлдары бар қоғам болған. Ал мұндай әлеуметтік құрылымды басқару мемлекеттіліксіз мүмкін болмағандығы анық.

Ғұндар

Сақтардан соңғы Қазақстан аумағында және көрші аймақтарда үлкен мемлекет құрып дәуірлеген халық — ғұндар еді. Б.з.д. IV ғасырда-ақ, Қытай мемлекеті ғұндарды өздерінің "солтүстік-батыстағы күшті бәсекелесі, жауы" деп есептеген.

Бұл күндері түркі тілінде сөйлегендігі дәлелденіп отырған ғұндар басында тайпалық одақ болып, одан күшті мемлекет құрды.

Ғұндардың мемлекеттік тарихы жөнінде жазба деректер жеткілікті. Олардың саяси-қоғамдық құрылысы жөніндегі деректер, негізінен, қытай жылнамаларында мол сақталған.

Ғұндарда мемлекеттіліктің негізі б.з.д. III ғасырлардан бастады. Ғұндар мемлекеттілігін толық қалыптастырып, оның **саяси жүйесін** құрушы ірі **саяси тұлға** — **Мөде** тәңірқұты (қытай деректері **Маодун** деп атайды) болды.

Ғұндардың **саяси жүйесі** өте күрделі болды. Мемлекеттің басында тәңірқұты тұрды. Ғұн тарихын көне **қытай тілінен** қазақ тіліне аударушы ғалым Қ.

Салғараұлының **пікіріне** сүйенсек, бұл сөз бүгінгі қазақ тілінде де бар. "**Тәңірқұты**" елдің қарулы күшінің бас **қолбасшысы** болды.

Мөдеге дейін тәңірқұтын сайлау **тәртібі** болатын. Оның үстіне, жекелеген аймақтарды (24 аймақ болған) ру **ақсүйектері** басқарып отырған. Олардың әрқайсысында 2 мыңнан 10 мыңға дейін әскері болған. Сондықтан **мемлекеттің** ішіндегі аймақтардың белгілі бір дербестігі де бар.

Мөде тәңірқұтынан бастап мемлекет толығымен бір орталыққа бірікті. Ендігі жерде елбасын сайлау **қағаз** жүзінде ғана жүрді. Тақ **мұрасы** алғашында ағадан ініге, кейін әкеден балаға өтіп отырды.

Ғұндарда үш ақсүйек **тайпа** болды. Соның ішінде *си люань ди* тайпасынан ғана патша сайланды. Елдегі ақсүйек үш тайпа тек өз арасында ғана **қыз** берісіп, қыз алысты. Мемлекеттік ірі **қызметтерде** осы үш ақсүйек тайпа **өкілдері** тағайындалды.

Ғұндардың мемлекеттік басқару **аппараты** өте үлкен және күрделі болды. Тәңірқұтынан кейінгі мемлекеттік **лауазым** елдің Шығыс және Батыс **бөліктерін** басқаратын кіші хандар болатын. Әдетте, Шығыс бөлікті басқаратын кіші ханның **мәртебесі** артығырақ болды. Ол орында тәңірқұтының тағын **болашақта** мирас етуші ханның үлкен баласы отырды. Елдің оң, сол бөлігінің әрқайсысында **азық-түлікке** жауап беретін уәзірлер, қолбасшылар, әскер-басылары, мал-жанның есебін жүргізушілер, **тәртіп** сақшылары болды. **Мемлекет** әбден күшейген кезде ғұндар елі үшке бөлініп басқарылды. Олар Шығыс, Батыс және сол екеуінің ортасында орналасқан тәңірқұтының өз **ордасы** еді.

Ғұндар еліндегі осы үш аймақ 24 **әкімшілікке** бөлінді. Олардың әрқайсысына мыңбасылар, жүзбасылар, онбасылар, **билер**, кіші **бектер**, т.б. лауазымды **қызметкерлер** тағайындалды. Егер жоғары лауазымдарға тек тәңірқұтының туыстары тағайындалатын болса, ал орта, төменгі **басшылықтарға** өзге ғұн тайпаларынан шыққан аса қабілетті **адамдар** тартылды.

Ғұндардың діні **тәңірлік** дін болды. Олар патшасын "Көк тәңірінің өзі жаратқан адамы" деп түсінді.

Ғұндар көшпелілердің алғашқы мемлекетін құрды. Көшпелі мемлекеттің негізгі белгілері осы ғұндар дәуірінде қалыптасты. **Құрылтай** жиналысы **дүниеге** келді.

Ғұндардың әзінің әдет-ғұрпына негізделген **заң** ережелері болды. Онда **жер-су** мәселесіне ерекше мән берілді. Ғұндар мемлекетінде, Қытай деректеріне қарағанда, тұрақты ғұн **әскерінің** саны 300 мың болған. Ресми іс **қағаздарын** жүргізіш, мөр басу рәсімі қалыптасты.

Ғұндар мемлекеті б.з.д. III ғасырдан б. з. V ғасырының жартысына дейін **өмір** сүрді. Әрине, басқа көшпелі **империялар** сияқты олар бірде күшейіп, бірде әлсіреп отырды. Б. з. IV ғасырынан бастап ғұндардың бір бөлігі **Еділден** асып **Еуропа** жеріне қарай аяқ басты. Содан былайғы 200 жылдың ішінде олар Еуропаның жартысын жаулап алып, өз **билігін** орнатты.

Үйсін мемлекеттілігі[[өңдеу](#) | [қайнарын өңдеу](#)]

Қазақ **мемлекеттігінің** тағы бір қайнар көзі үйсіндер мемлекеті болып есептеледі. Үйсіндерде ежелгі **өркениетке** тән дамудың барлық белгілері байқалды. Бұл қалыпты **даму** белгілеріне мемлекеттік билік **жүйесін**, жазудың болғандығын, тұрақты әскерді, **елшілік** жоралғыларын және т.б. жатқызуға болады.

Сақ дәуірінде болған **малға**, **еңбек** құралдарына және **тұрмыс** бұйымдарына деген жеке меншік үйсіндерде де кең қанат жайды. **Қоғамның** билеуші және бағынышты топтарға бөлінуі мейлінше айқын байқалды. Қоғам — ру **аксүйектері** мен тәуелді ұсақ өндірушілер, жартылай тәуелді құлдарға бөлінді.

Жерді жеке иеленумен қатар иерархиялық иелену түрі де дамыды (рулық, тайпалық, қауымдық). Ежелгі үйсіндерде әлеуметтік- экономикалық **қатынастар** өтпелі кезеңге тән **сипатта** болды.

Дамудың мұндай ерекше түрінің болу себебі экономикалық **құрылысқа** байланысты. Жартылай көшпелі және жартылай отырықшы үйсін қоғамында **өндірістің** екі негізгі түрі болды: **мал** және **жер**. Мал түріндегі **байлықтың** жиналуы, мал-мүлік, **жиһазға** жеке меншіктің, тауар алмасудың дамуына әкелді.

Әйтсе де көшпелі **қоғам** ерекшелігіне сай — әлеуметтік **қатынастар** аса ірі және шағын дәулетті мал иелерінің жеке **меншік** қатынастары түрінде дамыды.

Рулық **құрылыстың** ыдырауы барысында туындаған таптық қатынастар құлиеленушілік сипатқа ие болды. Дегенмен ежелгі үйсін қоғамында **құлдың** еңбегін пайдалану өзіндік ерекше түрде дамыды; яғни, құл **еңбегі** өндірістің негізгі тірегіне айналған жоқ, ал құл иелену классикалық түрге жете алмады. Жазбаша және археологиялық **деректерден** ежелгі үйсін қоғамында б.з.д. II—I ғасырлардың өзінде-ақ жекелеген **адамдардың** қолында байлықтың шоғырланғандығы байқалды. Қытай деректерінде: "Үйсіндерде **жылқы** көп. Олардың ең бай адамдарында төрт-бес мың жылқы болады", — деп көрсетілген.

Демек, малы көп дәулеттілер болса, малы аз немесе жоқ кедейлер тобының да болғандығы даусыз. Сонымен қатар **үй** малдарына салынған таңбалар, **металдан**, тастан және қыштан жасалған мөрлер де жеке меншіктің **пайда** болғандығын көрсетеді. Ертедегі жылнамашылардың **мәліметіне** қарағанда, үйсіндердің кейбір әскербасылары мен шенеуніктерінде, күнби сарайы жанындағы тағы да басқа **лауазымды** адамдардың алтын және **мыс** мөрлері болған.

Үйсін мемлекетінің басында үлкен күнби тұрды. Кей **зерттеушілер** үйсін мемлекетінің елбасын күнби деп те атап жүр. Қытай тілінде үйсін патшасын **гуньмо** деп атаған. Үлкен күнбиден кейінгі мемлекеттік лауазым кіші күнби болды. Бұл — бас **уәзір**. Одан кейінгі **лауазым** — тулы (дулы), бұл Қытай мемлекетіндегі үлкен уәзірмен дәрежелес болды. Әскер оң және сол қанатқа бөлінді, оларды екі қолбасы басқарды. Елдің жоғарғы сотының **қызметін** оңқа билер деп аталатын екі орынбасары атқарды, оларды даруга (дарту) деп атады. Абыз атанған лауазым діни басшылықты іске асырды. Бұдан кейінгі мемлекеттік лауазым — бүкіл ұлыстың ұлы бегі (биі) болды. Оның екі **орынбасары** болған. Ел билейтін лауазым иелерінің **тапсырмаларын** орындатып отыратын атқосшы мансаптары болды.

Үйсін мемлекетінің астанасы **Ыстықкөл** жағалауындағы **Чигучэн** қаласы болды.^[1]